ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Наваи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфиелд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан РеспубликасыАқпаратжәнеқоғамдықдамуминистрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.09.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфиелд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.09.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate ProfessorAlikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
P**imenova M.V.**	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan,Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.
Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».
The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022
Signed for printing 26.09.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house
Circulation 200. Price agreed. Order No. 89
Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АМИРОВА А.Б., БЕЙСЕНБАЙ А.Б., ШЫРЫН Х.	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі «халық» ұғымының мақал-мәтелдердегі көрінісі	7
КАСПИХАН Б.К., СӘРСЕНБАЙ Ж.А., ИГИЛИКОВА С.И.	Тонықөк ескерткішінің графикалық және орфографиялық ерекшеліктері	19
КОПБАЕВА Ж.Т., АБДИРАСИЛОВА Г.Қ., БЕКЕНОВА Г.Ш.	Түркі ескерткіштері тіліндегі есімдіктер мен қазіргі түркі тілдеріндегі параллельдер: көне жұрнақтар негізінде	31
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ӘЛІМБЕК Г.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысы	43
МЫРЗАБАЕВА Б.Д., АЛКЕБАЕВА Д.А., БАЕШОВА Б.Ш.	Қазіргі тіл біліміндегі «тіл» және «сөз» ұғымдарының арақатынасы, сөздің прагматикалық мәні	64
НУСУПОВА А.Ж., ТОҚТЫБАЕВА Ж., КУРМАНБЕКОВА З.Р.	Қазақ тіліндегі гибрид сөздер: жасалуы және қолданысы	78
ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны	88
РАМАЗАНОВ Т.Б., СОЛТАНБЕКОВА А.Ә., ШОРТАНБАЕВ Ш.А.	Мектеп оқулықтары терминдерінің тілдік ерекшелігі («Құқық негіздері» пәні мысалында)	99

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә.	Есенғали Раушановтың «1932 жыл. Қазақстан» өлеңінде аштық зұлматының бейнеленуі	117
AMANKULOVA L.A., ZHALGASBAYEVA K.B.	Manifestations of national mentality in contemporary kazakh poetry	126
BAILIYEVA U.B., DADEBAEV ZH., DAUTOVA B.D.	The degree of equivalence in translating the concept of “qairat” (willpower) in A. Kunanbayev’s works	134
БАЙТУРИНА У.К., ШОМАНОВА Г.К.	Американский текст Ф. Достоевского. Идея и сюжет как открытия реализма	147

КЕМЕҢГЕР Қ.Р., ЖҰМАҒҰЛ С.Б.	Мағжан Жұмабайұлының «Ертегі» поэмасы: тарихи және көркемдік шындық	155
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., ҚАМАРОВА Н.С., ШОҚАЙ М.Т.	Әбіш Кекілбайұлы – публицист	164
МӘДІБАЕВА Қ.Қ., МАҒАЗБЕКОВ Н.Ж., РАХМАНОВА Н.М.	Абайдың ақындық кітапханасы: ортағасырлық түркі поэзиясы дәстүрі	177
ТОҚТАР Г.М.	Тәуелсіздік идеясы алаш қаламгерлерінің басым бағыты	187

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

BAZARBEKOVA D.M., ADILOVA ZH.K., SAMSENOVA G.S.	Application of precedent texts in russian language lessons	198
BEISENBAYEVA L.ZH.	Assessing students' oral proficiency in cooperative learning (cefr framework)	209
КҮЗЕМБЕКОВА Ж.Ж., ДЕМЕСИНОВА Ж.О.	Айтылым субтестілерінің құрылымы мен бағалау жүйесі	217

ҒТАМР 17.01.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.14

Ә.Д. ҚАБЫЛОВ[1]
***Н.С. ҚАМАРОВА**[2]
М.Т. ШОҚАЙ[3]
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан[1,2]
Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан[3]
(e-mail: adlet_kabylov@mail.ru[1], nagbdu@mail.ru[2], mshokhayev@mail.ru[3])

*ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ – ПУБЛИЦИСТ

Аңдатпа. Мақала қазақ сөз өнерінің көрнекті өкілі Әбіш Кекілбайұлының публицистикалық шығармаларын зерттеуге арналған. Қоғамның өзекті мәселелерін қозғайтын, саяси және әлеуметтік процестерге ықпал ететін маңызды жанр публицистика жанрының Әбіш Кекілбайұлының шығармашылық мұрасынан алатын орны ерекше. Жазушының публицистикалық мақалалары мен эсселері, сөйлеген сөздері оның терең аналитикалық көзқарасын, ұлттық мүдде мен рухани құндылықтарға деген адалдығын айқындайды.

Мақаладаавтордыңпублицистикағакелужолы, алғашқыжарияланымдарынан бастап, тәуелсіз Қазақстанның бас басылымын басқару кезеңіне дейінгі және одан кейінгі жазбаларындағы шығармашылық эволюциясы талданады. Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзіндегі өзекті тақырыптар, оның ойлау жүйесі, тілдік-стильдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында қаламгердің қолданған техника, стратегиялары негізінде қоғамдық пікір қалыптастырудағы шеберлігі турасында сөз етіледі.

Мақалада әдебиеттану, журналистика және саяси дискурс теорияларының әдістері қолданылған. Зерттеу нәтижелері Ә.Кекілбайұлының публицистикасының уақыт талабына сай маңыздылығын айқындап, оның қазақ баспасөзі мен әдебиетіне қосқан үлесін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, публицистика, көсемсөз, қоғамдық ой, мемлекетшілдік, ұлттық мүдде, Тәуелсіздік.

Кіріспе. Публицистика – қоғамның өзекті мәселелері мен ағымдағы тыныс-тіршілігін баяндайтын жанр. Ол өмірдің көкейтесті мәселелерін көтеретін, түрлі қоғамдық пікірді білдіретін құрал ретінде маңызды саяси және идеологиялық рөл атқарады. Публицистиканы А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «көсемсөз» деп атаған. «Көсем сөз – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз, – деп жазады ол. – Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметтік керек іске мұрындық болып, істеу ыждағатымен айтылады.

Көсем сөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады. Көсем сөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады» [1, 102]. Бұл пікірден публицистика жанрының қоғамдық маңызы мен жауапкершілігін көруге болады.

Әбіш Кекілбаевтың әдеби мұрасының ішінде публицистикалық еңбектері маңызды орын алады, шығармашылығының көлемді бөлігін құрайды. Сонау мектеп оқушысы

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP19678872 «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

кезінде-ақ аудандық газетке мақалалар жазғаннан бастап, жазушы өмірінің соңына дейін қоғамдық мәселелерді көтеріп, көсемсөзге белсене араласты. Бала жастағы ауыл өмірін, шаруашылықтағы кемшіліктерді арқау еткен мақала, жазбалары сыни ойларымен назар аудартып отырды. «Бесінші класта оқып жүргенде аудандық газетке «Екпінді егін екпей ме?» деген мақалам шықты. Ол колхоз басқармасында талқыланды. Мәжіліске өзім қатыстым. Басқарма мүшелері «Кекілбаев жолдастың мақаласында көрсетілген кемшіліктерді түгел мойындап, оны жоюдың шараларын қабылдады» [2, 343], – деп жазды ол туралы кейін жазушы.

Университеттің филология факультетінде оқып жүріп, «Шағала» атты қабырға газетіне өлеңдері мен мақалаларын жариялап тұрса, соңғы курста «Лениншіл жас» газетінде қызмет істейді. Ал университет бітіргеннен кейінгі алғашқы еңбек жолы «Қазақ әдебиеті» газетінің әдеби қызметкерлігінен басталды. Түрлі қызметтерде жүрсе де баспасөзбен байланысын үзген жоқ. Мақала, эсселерін, жолсапар баяндарын жариялап тұрды, түрлі басылымдарға сұхбаттар берді. Ал 1992-1993 жылдары еліміздің Бас газеті «Егеменді Қазақстан» ұжымын басқарып, оның атауын «Егемен Қазақстан» деп өзгертті. Алпыс жылдан астам уақыт әдебиетпен, соның ішінде публицистикамен үзбей айналысып, қоғамдық, саяси өмірдің қазанында қайнап, ақпарат майданында белсенді еңбек етті. Ә.Кекілбаевтың қазақ баспасөзі тарихында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп, журналистік мектебін қалыптастырғаны шындық.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы Әбіш Кекілбайұлының публицистикалық мұрасын кешенді түрде талдауға бағытталған. Әр түрлі мақсатқа жету жолында әдебиеттану, журналистика және саяси дискурс салаларының әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Атап айтсақ, контент-анализ арқылы автордың бірнеше көсемсөз еңбектері қарастырылып, жазушы публицистикасының басым тақырыптары мен көтерген өзекті мәселелері қарастырылса, салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы оның кеңестік және Тәуелсіздік кезеңіндегі жазбалары мен сөйлеген сөздеріне шолу жасалды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін А.Байтұрсынұлы, Н.Омашев, С.Абдрахманов, Ө.Әбдіманұлы, Қ.Әбдезұлы, Ш.Қазығұл, М.Тәж-Мұрат, М.Абдраев секілді ғалымдар мен көсемсөз шеберлері құрайды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде жазушының «Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем», «Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Тәуелсіздік толғауы», «Алға тартпай – арман тұл, намыс қумай – мақсат тұл», «Адамзатты жарастық қана жарылқайды», «Ана тілге қамқорлық абыройлы іс», «Ел Иесі, Жер Киесі» секілді мақалалары мен жазбалары алынды.

Жалпы, зерттеуде Әбіш Кекілбайұлының публицистикасы кеңінен қарастырылып, оның қоғамдық ойға қосқан үлесі ғалымдардың зерттеулері мен талдаулары негізінде сарапталады.

Талқылау мен бақылау. Ақын-жазушылардың ішінде публицистикаға қалам тартпаған адам кемде-кем. Негізі журналистика жанры ретінде публицистика мерзімдік, оперативтік жанр болғанымен, Ә.Кекілбаев көсемсөзінің бір ерекшелігі – аса өзекті, өміршең мәселелерді көтеруімен, тақырыпты тереңнен қозғап, жан-жақты талдап, парасатты пайымдауымен сипатталады. Оның жазғандары тек сол кезде ғана өзекті болып қоймай, қайталап қанша оқысаң да танымыңды кеңейтіп, терең ой, парасатты байлам, шұрайлы тілімен баурап алатын қазына іспетті. Әбіш Кекілбайұлының сөйлеген сөздері ол қолданатын коммуникативті техникалардың алуан түрлілігімен, көсемсөздің тактикалары мен стратегияларын тиімді қолдана отырып, тыңдаушыны толғандыра алатынымен ерекшеленетінін отандық ғалымдар атап айтқан [3, 382]. Жазушының көсемсөзі, әсіресе, Тәуелсіздігіміздің шежіресін түзетін саяси-әлеуметтік, әдеби-көркем жазбалардың қатарында. Суреткердің ойлау тереңдігі, энциклопедиялық білімдарлығы, шешендік шеберлігі, фактілерінің қисындылығы мен дәлелділігі оқырманын жалықтырмай, қайта тақырыптың терең иірімдеріне тарта түседі. Оның қайсыбір көсемсөзін алсақ та, интеллектуалдық өрелі ойларымен, ғылыми негізділігімен,

философиялық толғамдарымен, қисынды дәйектерімен, ділмар шешендігімен баурап отырады. Жазушының шығармашылығы турасында біз атап өткен ерекшелікті ғалым Ө. Әбдіманұлы да байқаған. Өзінің зерттеу жұмысында зерттеуші Әбіш Кекілбайұлының жазушылық қасиетін тілге тиек ете отырып, оны заманынан оза туған, көпқырлы қаламгер ретінде бағалайды. Оның туындыларында көтерілген түрлі мәселелердің тереңдігі мен қазіргі қоғамдағы өзектілігіне назар аударады [4, 5].

Түрлі қоғамдық, мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстап, жоғары биліктің ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген қаламгер, әсіресе, Тәуелсіздік жылдары белсенді көсемсөзшілігімен көрініп, ширек ғасыр бойы Тәуелсіздігіміздің Бас идеологы болды. Ә.Кекілбаевтың мақалалары мен эсселері өз кезеңінің сұранысынан туған, олар заманының талабы алға қойған мәселелерді көтереді. «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясының сөзімен айтсақ: «Әсіресе, Тәуелсіздік алған тұста Әбекең көп жазды. Ол қоғамдық жүйенің ауысуы кезінде бұрынғы үйреншікті жолдан адасып, жаңаны түсінуге жете алмаған отандастарына Тәуелсіздіктің сөзін айтты, оның мәні мен маңызын түсіндірді, осал тұсымыз бен күрмеуі қиын кедергі-кермелерді қолға ұстатқандай көрсетіп берді. Қоғамдық құбылыстарды туындататын психологияны терең талдап, бұған қатысты тарих сабағы жайында ойлы сөз қозғады» [5, 426].

Шынында да, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары еліміз әлеуметтік, экономикалық қиындықтарға тап болып, халықтың жаңа жағдайға үйренісе қоймай дағдарған шағында елге жөн сөзін айтып, жаңа жол көрсететін тұлғалардың қажеттігі қатты білінген болатын. Қоғамдық формацияның ауысуы, нарықтық экономикаға көшу кезеңі бұрынғы Одақтан бөлініп шыққан республикалардың қай-қайсысына да оңай болған жоқ. Халықтың жағдайы нашарлап, тығырыққа тірелген шақта жаңа қоғамдық қатынастардың жайын толғап, халыққа дұрыс бағыт нұсқаған зиялы қауымның басында Ә. Кекілбаев секілді тұлғалар тұрды. Жоғары мемлекеттік қызметтерде жүріп, қоғам өміріне етене араласқан ол қайраткер әрі қаламгер ретінде өзінің парасатты өрелі ойларын ортаға салып, елдіктің сөзін айтты. «Әбіш Кекілбаев та бұл жанрға саналы түрде барғаны салған жерден байқалады. Абыздарға тән аталы сөз айту, арғы-бергіні сараптай отырып, орамға келген оймақтай ойына халықты ұйыта білу, сол арқылы оның рухани туұстарына айналу кез келгеннің қолынан келе беретін оңай шаруа болса, Ахмет Байтұрсынұлы публицистиканы қазақы арнаға бұрып, көсемсөз деп қалыптастырар ма еді?!» [6], – дейді ардагер журналист Ш.Қазығұл.

Жазушының қайраткерлігі қаламгерлігімен сабақтасып жатыр. Оның: «Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескер де болмас ем. Бұрын суреткер ретінде толғандырған мәселелер – мені азамат ретінде де толғандырып жүрген мәселелер еді. Қиял арқылы шешіп келген мәселелерді нақты өмірде шешуге тікелей ат салысуға мүмкіндік туып тұрса, одан қалайша бой тартамын?! Оның үстіне, қай кезде де қаламгерлік еңбекті қоғамдық қызметпен ұштастырып жүрген адаммын. ...Қоғамдағы өзгеріс өткір пікір таласы арнасында қалыптасады. Менің суреткерлік те, саясаткерлік те бірден-бір қаруым – өмірлік құбылыстарға деген өз көзқарасым» [7], – деген сөзі оның жазушылығын ғана емес, публицистік қарымдылығын да қамтитын, қызметтік кредосына айналған түйін екені сөзсіз.

Нәтижелер. Жазушының көсемсөзі жанры жағынан сан алуан болып келеді: оның мақалалары, эсселері, түрлі жиындарда сөйлеген сөздері мен баяндамалары, сұхбаттары мен мерейтойлық және қазанамалық сөздері – бәрінде де өз кезеңінің тынысы, сұраныс-талаптары мен көңілде қалдырған сыры мен ізі жатыр. Ал тақырып жағына келсек, жан-жақты білім иесі, үлкен эрудит тұлға дүние құбылыстарының түрлі мәселелерін қозғайды. Ол туралы көрнекті ғалым С.Абдрахманов: «Дүние дидарындағы болып жатқан құбылыстардың бәрін де тарихи сана тұрғысынан саралайды. Кекілбаевтың баяғының билеріндей берік ой қисыны талай тұста көбіміздің аузымызды босқа ауыртып жүрген жайлардың өзін бірер сөзбен түсіндіріп жүре береді, – дей келіп, жазушының тәуелсіздік жылдарында жазғандарын тақырып жағынан адам концепциясы, жер тарихы, тарихи

сана, этнология, ұлттар табиғаты, дәстүр, ұлттық даму, экология, демократия, экономика, білім, демография, топонимика, этнография, эстетика, этика, живопись, кино өнері, лингвистика... «болып кете береді» деп жіктеп көрсетеді. «Осының бәріне, әрине, аса қуатты эрудицияның арқасында ғана қол жетуі мүмкін. Телегей-теңіз білім энциклопедизмі мен академиялық универсализм Кекілбаевқа жылдар бойы жинақталған аса қуатты интеллектіні көркем сөзді алақанында ойнататын зергерлікпен астастыруға мүмкіндік береді» [8, 68], – деп дөп басып саралайды.

Қаламгердің көсемсөздерін негізінен «Дәуірмен бетпе-бет» (1972), «Заманмен сұхбат» (1996), «Азаттықтың ақ таңы» (1998) және 5 томдық «Сыр десте» (2009) жинақтары құрайды. Оларға енбеген, газет-журналдарға жарияланған мақалалары мен эфирден сөйлеген сөздері қаншама!?

Жазушының Тәуелсіздік жылдарында жазған мақалалары мен эсселерінде, сөйлеген сөздері мен сұхбаттарында еліміздің жаңа дәуірінің проблемалары мен одан шығудың жолдары, тәуелсіздікті баянды етудің алғышарттары туралы ордалы ойлар молынан айтылады. Көпшіліктің көкейіндегі түйткілді сұрақтарды, заман ағымының өзекті мәселелерін сөз қылғанда, публицист мәселеге тереңнен талдау жасап, арғы-бергі себептерінің астарына үңіліп, ғылыми негіздейтін зерттеушілік, сараптаушылық қырымен көрінеді. Заман ағымын тани білетін дегдарлығының арқасында жан-жақты зерделейді. Солардың бәрі ұлттық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдалатындықтан, көтерер жүгі салмақты, берері мол болып, тағылымы тарихи толғаныстарымен сабақтасып жатады. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие», «Тәуелсіздік толғауы», «Ортақ үйдің түтіні түзу ұшсын», «Бетерден де бетер бар деген осы емес пе?», «Бір қазақтың баласымыз», «Нарыққа да парық керек», «Ел еңсесі биік болсын», «Демократия мен тәуелсіздік одан әрі орныға түссін десек», «Медет етсек бір мезет», «Өткеннен тағылым – ертеңге сенім», «Басты мұратымыз – баянды елдік» т.б. еңбектерінде ғасырлар бойы армандап, енді ғана қолымыз жеткен тәуелсіздігіміздің маңызын көрсете отырып, оны бекемдеуде қандай кедергілер мен қиындықтар болатынын ескертіп, баянды ету жолында халықтың бір кісідей жұмыла іске кірісуінің қажеттігін алға тартады. Елдің бірлігі, халықтар арасындағы ынтымақ ең бірінші шарт болса, экономика мен саясатта да ұсынылықтық пен салиқалық қалыптастыру қажеттігін, еркіндік психологиясын бойға сіңірудің маңызын тарихтан сыр тарта отырып жеткізеді.

«Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады» деген мақаласында: «Бүгінде тоқтап қалған өндіріс, тұралап қалған тұрмыс, азып жатқан тәрбие, арып жатқан мәдениет үшін жап-жас тәуелсіздігіміздің титтей де кінәсі жоқтығын ұғыну үшін айтамыз. Оны жариялауға бір күн жетеді. Шындап тәуелсіз болу үшін көп жыл керек. Отаршылдық өзінен құтылса да сорынан құтыла алмайтындай қып, құзғын қақпандарын құрып кеткен. Даламызға ғана емес, санамызға да құрып кеткен» [9], – деп өткеннің ойсыратып кеткен кемшіліктерінің орнын толтырудың бағдарын нұсқайды.

Елдің экономикасын көтеру, демократиялық үрдістерді орнықтыру, нарықтық қатынастарға көшудің мәселелері туралы да басқа мемлекеттердің тәжірибесі мен экономика заңдылықтарына негізделген ойларын ортаға салып отырды. «Мәуелей бер, алтын бақ» мақаласында: «...Қазақстандағы шынайы нарықтық қатынастар да, демократиялық үрдістер де тек балаң тәуелсіздіктің нығаюына қызмет ете алса ғана өз мақсаттарына жете алады» [9, 126]; «Қуатты экономика елдің табиғи, моральдық күштері мен сыртқы ортамен ықпалдастық арқылы жүзеге асады» [9, 174]; «...нарықтық экономикаға көшудің қарқынын тездетумен ғана тынбай, мазмұнын тереңдете түсуге де көбірек күш салған дұрыс. Жаңа экономикалық қатынастардан туындайтын әлеуметтік қиындықтардың алдын алып, оларға жол бермеудің амалдарын жан-жақты қарастырған лазым» [10, 177], – деп жазады.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында өтпелі кезеңнің қиындықтарына тоқтала келіп, қол жеткен тәуелсіздікті бағалап, алдағы күнге үмітпен қараудың, ол үшін зор сеніммен еңбек етудің қажеттігін алға тартады. «Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін

қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарастықты дүниеде өмір сүре алады. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеге ондай шынайы жарастық орната алады. Өйткені халық бостандыққа жетпей тұрып, қоғам бостандыққа жете алмайды. Қоғам бостандыққа жете алмай тұрып, адам бостандыққа жете алмайды. Сондықтан да, бүгін күллі жалпақ әлем бостандықты ту еткен жарастықты аңсайды. Ендеше, адамдар мен қоғамдардың, мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Қазіргі адамзаттың ең басты мұрасы, ең асыл игілігі» [11, 148], – деген ой түйеді.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіздік толғауы» атты көлемді мақаласында тарихымыздың арғы-бергі кезеңдеріне көз жүгіртіп, нақты деректерге сүйене отырып, егемендік пен тәуелсіздіктің қиын жолына шолу жасайды. Ақылман ойшылдардың болжамдарының төркініне үңіліп, жиырмасыншы ғасырдың адамзатқа әкелген әлеуметтік өзгерістеріне меңзей отырып: «Бұл күнге қалай жеттік?» – деген сұраққа жауап іздейді. «Азаттықтың төркіні алыста», «Елдіктің ежелгі сүрлеуі», «Тәрік болған тәуелсіздік», «Қайта оянған үміт», «Күрмеуі мол күрес», «Тәуекелге мінер кезең», «Тізгін қолға тигенде» деген тараушаларда тәуелсіздіктің ауыр жолын баяндай отырып, оны баянды етудің қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізеді. «Азаттықтың асау тұлпарының тізгініне тұтымды уыс, тегеуірінді тақым, тереңнен толғап, алыстан барлап, қапысыз шешім таба алар кемел ақыл иелік ете алмақшы», – деп толғанған автор: «Талай жерде құрсақта жатып құрбан болып кете жаздаған тәуелсіздігімізді пәле-жаладан аман сақтағай, ғұмырлы қылғай деп тілейік. Ілгері тілеулі ел болғай! Біздіңше, тәуелсіздік жылының баршамызды да тәубеге келтірер басты уәжі – осы болса керек» [12], – деп түйіндейді.

Жазушының көсемсөздері автордың қоғамдық белсенділік, ұстамды азаматтық позиция, мемлекетшілдік көзқарас, елшілдік мұратымен ұштасып, дегдарлық пен көрегендік қасиетінен туындап жатады. Өтпелі кезеңнің қиындықтарына тап болған елдің қадамына талдау жасап, алдағы күннен үміт үзбей, ұлы мұрат жолында еңбек етуге жұмылдырып, қанаттандыра, жігерлендіре түседі. «Нарыққа да парық керек» мақаласында (1992) кешегі кеңестік кезеңдегі әлеуметтік масылдыққа еті өліп кеткен халықтың ендігі нарықтық қатынасқа үйренісе алмай, «өз күніңді өзің көр» деген қағиданың мәнін ұғына алмай жатқан жайына тоқталып, нарықтық қатынастар жайында сөз қозғайды. «Ештеңе өндірмейтін елде не жетісуші еді? Бәрі де жетіспейді. Ал бір жыл емес, екі жыл емес, қатарынан жеті жыл саяси сергелдеңге түскен қоғамда дүкендегі бұйым түгілі, басыңдағы миың сарқылып қалуы әбден мүмкін», – дей келіп, ең қатерлі нәрсе «адамдардың сабырының таусылып, ақылының шайқалуы» екенінен сақтандырады. Ондайда ортақ мақсат, ортақ мүдде қажеттігін айта отырып: «Енді тек әрқайсымыздың жеке іскерлігіміз бен жеке бастамашылығымызды тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қуатын нығайту жолына жұмылдыра алсақ, соны қамтамасыз ететіндей моральдық, праволық негіз жасай алсақ болғаны», – дейді автор. Бұл туралы ғалым Н. Омашев: «...Публицист заман тынысын аңғартқан бұл мақаласын жазу барысында бақылау, салыстыру, құжаттарды зерттеу, жіктеу, жинақтау, анализ, синтез, индукция, дедукция сияқты публицистикалық таным тәсілдерін кең пайдаланған» [13, 240], – дейді.

«Арға тартпай – арман тұл, намыс қумай – мақсат тұл» мақаласында адамзаттық даму, адами тіршілік мәселелерін пайымдай келе, Қазақстанның бүгінгі даму бағдары, ұлттық намыс туралы сөз қозғайды. «Тарихта «кіндік кезең» деп саналатын тұстар болады. Ондайда белгілі бір саяси құрылыстардың ғана емес, күллі қоғамдық тіршіліктің тұтастай түгел өзгеруі талап етіледі. Біздің бүгінгі бастан кешіп отырған құбылыстарымыз көп ретте сондай кіндік кезеңдерді еске салады», – дей келе, тәуелсіздікті нығайтудың негізі жауапкершілік пен намыста деп түйеді: «Егер біз ондай сана мен намысқа жету жолында әлі де самарқаулық, керенаулық көрсететін болсақ, әлемдік дамудың қазіргі қарқынына ілесе алмай, артта қаламыз да, алға қойып отырған мақсаттарымыз жүзеге аспайды» [14], – деп ескертеді.

«Әділет бар жерде ынтымақ бар» – 1989 жылы маусым айында Жаңаөзенде болған оқиғаның себеп-салдарын талдаған мақала. Тәуелсіздік қарсаңында болған Қазақстандағы желтоқсаннан кейінгі халық наразылығы көп жайдың бетін ашқаны мәлім. Әлеуметтік мәселелердің ушығуынан туған наразылық жастарды көшеге шығуға мәжбүр етті. Бұл жолы да желтоқсандағыдай кінәнің бәрін қарапайым халыққа аударып, ұлтшылдыққа жаба салатын жағдай туғанда Алматыдан Ә.Нұрпейісов, З.Қабдолов, Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжанов секілді халықтың сүйікті қаламгерлері ұшып келіп, халықпен кездесу өткізіп, ереуілшілерге араша түсті. Осы бір мәмлегерлік сапардан кейін Ә.Кекілбаевтың наразылықтың шығу себептеріне үңіліп, талдау жасаған мақалалары баспасөзде жарық көрді. Жазушы бұл мақаласында Жаңаөзенде болған халық ереуілінің себептеріне талдау жасап, қордаланған әлеуметтік мәселелердің бетін ашып, себептерін түсіндіреді. Басқару ісіндегі олқылықтарды сынап, жергілікті халықтың жағдайын жақсарту қажеттілігін айтады.

«Адамзатты жарастық қана жарылқайды» деп аталатын мақаласында (елімізге мемлекеттік сапармен II Иоанн Павелдің келуіне байланысты кездесуде сөйлеген сөзі) жас мемлекеттің дамуындағы жетістіктері мен тарихының сабақтастық жолын айта отырып, адамзаттық алдында тұрған байбітшілік пен жарастық мәселелеріне тоқталады. «Күштіміз де, әлсізіміз де, үлкеніміз де, кішіміз де, байымыз да, жарлымыз да баршамыздың игілігіміз үшін өзара ықпалдастық жолына жаппай жұмылмай болмайды. Бейбітшілік қамы басқа сипатқа, басқа өлшемдерге, басқы нақты мақсаттар мен нақты міндеттерге көшетін кез жетті» [15], – деп адамзаттық дамудың бейбіт те жарастықты жолына нұсқаған гуманистік көзқарасын білдіреді.

Ә.Кекілбаев көсемсөзінде ана тілі мен руханият мәселелері кеңінен орын алады. Публицист жазушы рухани дамудың қандай мәселелерін қозғаса да, кеңінен көсіліп, арғы-бергі тарихын, өзектілігі мен өркениеттегі орнын, қалтарыс-қатпарларынан бастап түйткілді тұстарына дейін пайымдап, оқырман зердесіне жеткізеді. Суреткердің энциклопедиялық білімдарлығы мен гуманист ойшылдығы аталмыш тақырыптың тереңіне бойлатып, суреткерлік пен дәлмарлық талантымен айшықталып отырады. Қазақ халқының тарихы мен тілі, рухани болмысы мен салт-дәстүрі, мәдениеті мен көрнекті тұлғалары туралы ой-пікірлері көптеген мақалаларында, сөйлеген сөздерінде көрініс тапты. Еліміздің тәуелсіздік алуына тікелей куәгер болып, оның заңнамалық негізін жасақтауға атсалысып, жазушылық қызметпен қатар қайраткерлігімен де зор үлес қосты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуына белсене араласып, оның дамуының проблемалары туралы көптеген мақалалар жазды. Қоғам мен тіл дамуының арғы-бергі тарихын зерделеп, бодандықтан бостандыққа шыққан халықтардың ана тілінің тағдыры үшін күресінің тарихынан сабақ ұсына отырып, қазақ тілінің қызмет аясын кеңейту, ана тілінде білім беру бағытында құнды ойлар айтты.

Жазушының еліміздің тәуелсіздік алу кезеңіндегі көптеген сөйлеген сөздерінде, «Ана тіліміздің ұқыпты пайдаланып, келешек ұрпаққа кемелдендіре жеткізу – абыройлы іс», «Біздің тіліміз – ең басты байлығымыз», «Тіл туралы ойлану – бәрі туралы ойлау», «Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл», «Алалық пен шалалық болмағай» т.б. мақалалары мен сұхбаттарында тіл мәселелерін кеңінен көтеріп, салиқалы ойларын ортаға салып отырды. «Ана тілге қамқорлық – абыройлы іс» мақаласында ономастика мәселелеріне тоқталып, бұрмаланған жер-су атауларын қайтару туралы шешімнің орындалмауына орай сын-ескертпелер айтады. «Халық қойған әрбір жер атауы – сол жердің тарихи паспорты. Отаршыл империялар алдымен бодан болған халықтың келер ұрпақ, үрім-бұтағының тарихи жадынан осы тарихи топонимдерді өшіру арқылы оларды рухани мәңгүрттік, құлдық санаға алып келерін жақсы білген. Сондықтан да халық жадынан елдік рухты, мүлдем өшіруді көксегендер, ең алдымен, жер-су атауларын өзгертуге жанталаса кіріскені белгілі» [16, 54], – дейді.

Жазушының тәуелсіздік пен тіл мәселесін тереңнен қозғап, жан-жақты толғаған еңбегі – «Тіл және тәуелсіздік» атты тарихи-танымдық зерттеуі (2006) өте дер кезінде жазылған

және қоғамдағы күрделі тіл мәселесіне байыптылықпен қарап, салиқалықпен ой айтқан, мемлекеттік тіл мәселесінің маңызын ашып берген бағалы еңбек болды. Сол кездегі мемлекет басшысының тіл жөніндегі сұхбатынан кейін жазылған бұл еңбек «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» деген қағиданың мән-маңызын ашып, қоғам өміріндегі тілдің маңызы, оның ұлттық мемлекет құру мен қоғамды топтастырудағы орны туралы сонау ерте заманнан бергі тарихтан тартып, адамдар қауымы, қоғам, мемлекет, отарлық пен бодандық, бостандық пен тәуелсіздік секілді тірек ұғымдардың аясында Тәуелсіздіктің баяндығы үшін тіл дамуының маңызын түрлі дерек-қисындармен дәлелдейді.

Тәуелсіздікпен бірге келген демократия мен плюрализм, сөз бостандығы мен діни сенім еркіндігі секілді мәселелерде де жұртшылықтың көкейіндегі сұрақтарға да жазушының публицистикасынан табылар жауаптар аз емес. Арға-бергі тарихымызда өткен даңқты тұлғалар, хандар мен билер, батырлар мен әулиелер туралы тартымды танымдық мәліметтер мен өрісті ойлар көптеп ұшырасады. Мысалы, «Бекет-Ата» кітабына алғысөз ретінде жазған «Ел иесі, жер киесі» мақаласында Әулие Пір, Ағартушы абыз Бекет-Ата Мырзағұлұлы туралы тебірене толғайды. Ел басына күн туған қиыншылық кезеңде Еліне қорған болған, жұртын имандылық пен адалдыққа баулып, ағартушылықпен айналысқан ғұламаның өмірлік өнегесін паш етеді. «...Ол көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес Әділдіктің, күпірлікке жол бермес Адалдықтың, қараулыққа жол бермес Шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес Мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес Парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан адам», – дей келе: «Ендеше, сондай асқақ жұртының ақар-шақар шың басындай тәкаппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан Әлсізге Медет, Күштіге Айбар, Зарыққанға Жебеу, Тарыққанға Демеу, Асқанға Тосқан, Сасқанға Сая, Ұрпаққа Ұстаз, Ұлысқа Ұран, Ел Иесі, Жер киесі Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да артық емес деп білеміз» [17, 6-7] – деп, Пір Атаның бүкіл болмысын айшықты да аталы сөздерімен тұжырымдайды. Жазушының қазақ және әлем әдебиетінің көрнекті тұлғалары туралы мақала, эсселерінің өзі бірнеше кітапқа жүк болар мол қазына. Оларда ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылық жолы, әлемдік және ұлттық сөз өнері мен рухани кеңістіктегі орны, шығармашылық зертханасы мен рухани мұрасы туралы құнды мәліметтер мен әсерлі ой-толғамдар мол.

Ә.Кекілбаевтың әдебиеттің түрлі мәселелерін баяндаудағы, оның ішінде ақын-жазушылар шығармашылығы жөніндегі жазбаларының қай-қайсысы да оқырман үшін гуманитарлық таным мен эстетикалық талғам қалыптастырудағы көл-көсір қазына екенін айту лазым. Ә. Кекілбаевтың көркем прозасы мен публицистикасы секілді сөйлеген сөздерінен көрінетін айрықша ерекшеліктердің бірі – қиыннан қиыстырып, қисынын келтіріп, тереңнен қаузап сөйлейтін айтқыштық, тапқырлық, ұтқырлық қасиетіне негізделген шешендік-ділмарлық қырлары екені аян. Көсемсөзі мен сөйлеу тіліндегі шешендіктің сырлары, ұлттық шешендік дәстүрді дамытудағы орны айқын танылады.

Қ.Әбдезұлы: «Алдымен Әбіш Кекілбаевтың жазу стилінен Әуезов мектебі бірден аңғарылады... Әлемдік әдебиеттің саңлақ қаламгерлері туралы ұлағатты сөзді Әуезов лекцияларынан тыңдады. Студент кезінде-ақ өлең жазып, көркем шығармашылықпен айналысты. Орыс тіліндегі белгілі шығармаларды ана тілімізге аударды. Яғни жас дарынның алғашқы қаламгерлік қадамдары университет қабырғасында басталып, ұлы суреткер Мұқаңның, Мұхтар Әуезовтың назарына ілікті» [18, 75], – деп жазған еді.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері хақында Бикен Әшімов («Асқар таудай абырой»); Н.Оңдасынов («Басшы»), Қ.Сұлтанов («Қажымас жігер, қалтқысыз қызмет»), С.Оразалинов («Мен білетін Сұлтан»); Ө.Жәнібеков («Өз-ағам», «Өмірлі өнеге»); Қ.Смайылов («Өнер сүйген өмір»); А.Байтұрсынов («Ұстаз ұлағаты») туралы эсселері мен мақалаларының әрқайсысы бір-бір күрделі зерттеулерге ұласарлық еңбектер. Ал С.Датұлы («Сырым – дала демократиясының реформаторы»), М.Қозыбаев («Бүгін менен ертеңге бірдей қызмет еткен ғұлама»), С.Өтебаев («Патриарх») т.б. мақалалары көрнекті қайраткер, ғалым, еңбек адамы туралы дерек пен дәйектерге негізделген тартымды дүниелер.

Жазушының өнер мен өнер тарландары туралы жазғандары – қазақ өнерінің даму тарихи жүріп өткен жолын, әйгілі өнер тарландарының шығармашылық тұлғасын танытатын сөзбен сомдалған ғажайып портреттер деуге болады. Қазақ өнерінің жарық жұлдыздары А.Жұбанов («Елім деп өткен ер»), С.Қожықов («Кемел суреткер»), Құрманғазы («Күй-құдірет»), Ә.Қастеев («Қастеев туралы сөз»), С.Қожамқұлов («Мұратына жеткен адам»), А.Әшімов («Өнердің өрен жүйрігі»), Ш.Айманов («Саңлақ»), Ы.Ноғайбаев («Сардар немесе Ы.Ноғайбаев туралы сөз»), С.Шәкіратов («Сермей тартқан семсер күй»), Е.Рахмадиев («Тұлға») туралы мақала-эсселері өнердің өрісі мен өресін, өнер адамының өнегесін танытатын баға жетпес жазбалар. С.Абдрахманов айтқандай: «Жазушының өнер жұлдыздары туралы жазғандары, айтқандары бар қазақтың баласын бағымызға біткен біртуарларды бағалауға шақырады» [19, 107].

Ә.Кекілбаев шығармашылығында Маңғыстау тақырыбы – алтын арқау, берік тұғыр. Оның бүкіл шығармашылығы осы бір туған жері – аңыздар мен әулиелер мекені – маң даладан, «ғасырлар мен мәдениеттер астасқан аймақтан» нәр алғаны шындық. Жазушының «Ұйқыдағы арудың оянуы» кітабында жазғанындай, автор жеті жасқа толғанда анасы оны өзінің туған жеріне – ол туған кездегі үйінің тігілген орнына алып келіп, көйлегін шешіп, жеті рет аунатып тұрғызады. Мұндай ырымның мәнісін бала Әбіш сонда түсінеді: «Енді мен бұл араны өмір бақи ұмытпайтын көрінем. Енді мен бұл араны көзімді байлап қойса да табатын көрінем. Енді тағдыр мені кең дүниенің қай қиырына айдаса да, бұл араға тапжылтпай тауып келе алатын көрінем. Енді мен туған ата-анамды қандай жақсы көрсем, жұмыр жердің осы бір пұшпағын да сондай жақсы көретін көрінем. Өйткені, ол маған өмір сыйлапты, мынау кең дүниені түгел сыйлапты» [20, 138]. Осы сурет жазушының көз алдында мәңгі қалып, өмірлік бағыт-бағдар беріп, бүкіл қадамына сәттілік жолдап, адал тілеушісі болған туған жердің қадір-қасиетін де сипаттайды. Жазушы енді бірде: «Азамат, қаламгер ретінде рухани қалыптасуыма айрықша ықпал еткен екі күш деп, туған өлкем мен өткен соғысты есептеймін» [21, 53], – деп жазады.

Мақсат Тәж-Мұраттың: «...Қысқасы, Маң шоңғалды, «ұйқыдан оянған аруды» – туғалы табаны аумай ата-бабасы тұрған, өзінің шілде суы төгілген өңірді жазу, сол арқылы бүткіл қазағына тән дала тынысын беру, оқырманын тек қана соның тынысымен тыныстату – міне, Әбіш Кекілбаев жазуды енді бастағанында-ақ стихиялы түрде ағатсыз түйсінген жазушылық панорама, суреткерлік проекция шамамен осындай болса керек-ті» [22], – дегеніндей, жазушы көсемсөздерінде де Маңғыстау туралы жеріне жеткізіп жазды. Ол Маңғыстау өлкесі туралы танымдық-ақпараттық тұрғыда қалам тербесе («Воспоминание о будущем» (1979), «Ғасырлар мен мәдениеттер астасқан аймақ» (2014), «Дуадақ қонған бозтөбе» (2005), «Жер кіндігі», «Маңғыстаудың ғаламаттары мен машақаттары», «Маңғыстау – менің мекенім» т.б.), өз өмір жолы туралы естелік түрінде талай мақала, эсселер тудырды («Автограф» (1996), «Алтын ұя» (2009); «Қадірлі Хасен аға» (1999), «Қазақ даласының әр тасы – қағбам, әр бұтасы – сәлдем» (1999)).

Ә.Кекілбаев – сұхбат беру өнерінің де асқан шебері болатын. Оның газет-журналдар мен радио-теледидарға берген сұхбаттары қазақ қоғамының өзекті проблемаларын көтеріп, тарих сабақтарынан сыр тартатын, түрлі сауалдарға салиқалы да сауатты жауап ұсынған тұщымды дүниелер болып табылады. Жазушы публицистикасын зерттеуші М. Абдраев айтқандай: «Әбіш Кекілбаевтың сұхбаттары «сұхбат беру өнеріндегі әңгімешіл, қоғамшылдығын ғана танытпайды, сонымен қатар оқырманы, тыңдарманын қағидалы сөздермен қанықтырып, еліміздің демократиялық бірлестігін өркендету жолдарын жан-жақты қарастырып әңгімелейді. Сұхбаттаушы, оқырманы, тыңдарманы Әбіштің әңгімесінен рухани түлеп, өмірге, қоғамға, әлемге деген көзқарасы орныға түседі. Келешеккке нық басып, нағыз қайнаған ортада жүргенін сезініп, серпіліс алады. Бұл көркемсөзгердің ерекше бір қыры, айрықша артықшылығы» [23, 90].

Қорытынды. Жазушының көркем шығармаларындағыдай, публицистикасында да тоқсан ауыз сөздің түйінін тұжырымдап, бір-екі ауыз сөзбен кестелейтін нақылдық, мақал-

мәтел мәндес сөйлемдер молынан ұшырасады. Даналық ойдың тұнбасындай қабылданатын ондай айтылымдар оқырманның көңілінен шығып, қажет кезінде көкірекке қонақтап, тілге оралатын қанатты сөз, афоризмге айналып кетті. Мысалы, «Арға тартпай – арман тұл, намыс қумай – мақсат тұл», «Әділет бар жерде ынтымақ бар», «Басты мұратымыз – баянды елдік», «Қазақ даласының әр тасы – қағбам, әр бұтасы – сәждем», «Нарыққа да парық керек», «Ұрпақтар бірлігі – болашақ кепілі», «Демократияға немқұрайлы қарау – адам бостандығына немқұрайлы қарау»; «Өткеннен өнеге іздегеннен гөрі тағылым іздеген тиімдірек. Тарих мақтану үшін емес, сақтану үшін керегірек»: «Тарих – тек өз кезеңі тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ»: «Адамды адам еткен – еңбек, адамзат еткен – кітапхана», «Адамға адам болуды үйрететін – кітап», «Поэзия – жаратқан иенің әманда жалғыздық торындағы пенделерімен пейілдессін, пікірлессін деп әдейі жаратқан ақ қанат періштесі» деген сияқты толып жатқан қанатты сөздер қазір көпшіліктің аузында жүр.

Жазушы көсемсөзінің бір парасын оның жолсапар жазбалары (сапарнамалары) құрайды. Түрлі елдер мен мемлекеттерге барған сапарларында өз көзімен көріп, өзі куә болған жайларды баяндайды. Ондай жазбаларында сол елдің географиялық орналасуы, жер-суы мен мемлекеттік құрылымынан бастап, салт-дәстүрі, мәдени ескерткіштері, тарихы, тұрмыс-тіршілігі автордың өзіндік көзқарасы, талғамы тұрғысынан баяндалады. Оның «Ұя мен жебе», «Тырау-тырау тырналар», «Азат елге ағайын көп» т.б. еңбектері – тағылымы зор танымдық шығармалар.

«Ұя мен жебе» (1968) – автордың Сирия мен Ливанға барған сапарында алған әсерлерін баяндайтын еңбек. Кітапта Анкара, Шам, Дамаск, Азов теңізі, Жерорта теңізі секілді жерлерді жай ғана баяндап қана қоймай, оқырманның көз алдына келтіретіндей көркемдікпен бейнелейді. Сирия мен Ливан елдерінің кешегісі мен бүгінгісіне қатысты мәліметтерді пайдаланып, арғы-бергі тарихынан хабардар етеді. Өзі болған жерлердегі сауда-саттық, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр, мәдениет пен өнер, кәсіп пен шаруашылық, наным-сенім, діни сенім жайынан кеңінен баяндап, шұрайлы тілмен түсінікті етіп жеткізеді. Автор өзі болған елдерінің тарихына үңілуден бастап, бүгінгі жетістіктері, оған қалай жеткендігі жөнінде ой қозғайды. Кешегісі мен бүгінгісін сабақтастыра баяндай отырып, пайымды ой түйеді, өз әсерлерін жеткізе отырып, оқырмандарының көңіліне де ой тастап, тағылым алуға жетелейді. Ежелгі мәдениет ошағы болған жерлердегі өзгерістерді де қалт жібермей, олардың себептеріне үңіледі. Әсіресе тарих, білім мен мәдениет жайындағы мәліметтері аса қызықты бұл еңбектің танымдық маңызы зор.

«Тырау-тырау тырналар» (1984) – жазушының жапон елінде болған он бес күнде көргендерін баяндайды. Өзіне тән суреткерлік әрі әңгімешілдік шеберлікпен жапон жұртының арғы-бергі тарихынан, мәдениеті мен өнерінен, мемлекетті құрылымы, ұлттық салт-сана мен дәстүрлік ерекшеліктерінен сыр шертеді. Жапон халқының қарапайымдылығы мен мәдениеттілігін, еңбекқорлығы мен ұсынықтылығын, адалдығы мен меймандостығын сүйсіне әңгімелейді. Жастарға эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жапон-совет симпозиумына қатысып, әдебиет, театр және кино секциясында «Жастардың эстетикалық тәрбиесіндегі киноның алатын орны» туралы баяндама жасағанын, оны қатысушылардың жылы қабылдағанын баяндайды. Кітапта өзі көргендерін ғана емес, Америка-Жапон соғысы, Хиросимо мен Нагасаки оқиғалары туралы да айтып, бейбітшілікті сақтай білудің маңызына да тоқтала кетеді.

«Азат елге ағайын көп» (1992) еңбегінде Тәуелсіздіктің бастауында Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Германия мен Францияға барған алғашқы ресми сапарында көргендерінен түйген ойларын жазады. «Тәуелсіздік алғанымызға әлі жыл толған жоқ. Сол екі ортада бізді жүзден астам мемлекет мойындады. Ондаған мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылды. Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, ең беделді халықаралық ұйымдардың көбіне мүше болдық. Көңіл тоғайтатын-ақ көрсеткіштер», – деп оптимистік сарынмен бастап, мұндай сапарлардың маңызына тоқталады.

Бұл еңбегінде жазушы Қазақстанның Германиямен және Франциямен саяси, дипломатиялық тұрғыдан қатым-қатынас орнатудағы жоғары деңгейдегі кездесулердің жайын баяндайды. Германия Президенті Рихард фон Вайцзеккердің, Франция Президенті Франсуа Миттеранның Президент Назарбаевты салтанатты қарсы алуын, Қазақстан делегациясы құрамында сұхбат-кездесулерге қатысқанын, сол кездесулерден алған әсерін шұрайлы тілмен жеткізеді. Тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен жас мемлекеттің алдында тұрған міндеттердің бірі – өзіңді өзгеге мойындату үшін ертеңге деген сенімнің нық болып, ел мүддесі жолында тәуелсіздіктің мүмкіндігін дұрыс пайдаланудың маңызды екенін айтады: «Өйткені көзге көрініп тұрған қасиетің – өзіңнің мүмкіндігің. Көзге көрініп тұрған осалдығың – өзгенің мүмкіндігі. Ал әлі көзге көріне алмай жатқан қасиетің мен мүмкіндігіңнің ертең кімнің пайдасына шығып кетері екіталай. Сондықтан да бүгінгі таңда ең бастысы – қолға түсіп тұрған мүмкіндікті зая қылмау. Тарихтың пейілі түсіп тұрған сәтті қапы жібермеу. Біздің ең басты игілігіміз – Тәуелсіздігіміз. Тәуелді болсақ, бізбен Бонн мен Париж бұлай сөйлесер ме еді?! ...Өзгелермен ықпалдас болу үшін де Тәуелсіздік керек. Өзгелер де тек тәуелсіз елдердің ыңғайына қарайды. Азат елге ағайын көп. Менің бұл ұзын жол, ұзақ сапардан жасаған басты қорытындым осы болды», – деп Европа сапары жайлы еңбегін түйіндейді.

Әбіш Кекілбайұлының публицистикасы қазақ сөз өнерінің маңызды бір бөлшегі ретінде қоғамдық сананың қалыптасуына, тарихи және әлеуметтік мәселелердің талқылануына айрықша үлес қосты. Ол көсемсөз жанрын ақпарат таратуға ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы ояту, жаңғырту жолындағы маңызды құралдардың бірі ретінде қолдана білді. Оның жазбалары тақырыптарының өзектілігімен, ой тереңдігімен, шешендік шеберлігімен ерекшеленіп-ақ тұрды. Әсіресе, Тәуелсіздік жылдарындағы жазбалары азаттығын енді алған елдің дербес идеологиялық негіздерін айқындауға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталды.

Ә.Кекілбаевтың көсемсөзі – қоғамның көптеген өзекті мәселелерін көтерген, заман мен қоғам, адам проблемаларына терең таным, биік интеллектуалдық өремен көз салып, көркемдік һәм ділмарлық шеберлікпен суарылған, ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын, әлі талай уақыт бойы оқырманын рухани сусындата беретін қымбат қазына.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

2. Кекілбаев Ә. 12 томдық шығармалар жинағы. 10 том. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.

3. Iskakova K., Kushkarova G., Kurmanova B., Sadykova S., Zholmurzaeva R. The Linguistic Personality of Abish Kekilbayev in the Context of Political Discourse (Based on the Material of Public Speeches) // Theory and Practice in Language Studies, 2023, 13 (2). –P. 376-384. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1302.12.

4. Әбдіманұлы О. Традиции и новаторство в казахской художественной прозе // Вестник КазНУ. Серия филологическая. №170 (2). – 2018. – Б. 4–8. DOI: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2179

5. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. Бірінші том. Шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2018. – 800 б.

6. Қазығұл Ш. Келешектен келген Кекілбаев. 2015. // URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sarxan-qazygul-kelesekten-kelgen-kekilbayev_10674 (қаралды: 15.03.2025).

7. Кекілбаев Ә. Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем... // Егемен Қазақстан. – 2 қараша, 1995.

8. Абдрахманов С. Сардар. Ділмар. Елдар // Әбіш Кекілбаев әлемі және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2009. – 464 б.

9. Кекілбаев Ә. Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады // Егемен Қазақстан – 2 желтоқсан, 1997.

10. Кекілбаев Ә. Мәуелей бер, алтын бақ // 12 томдық шығармалар жинағы. 9 том. – Алматы: Өлке, 1999. – 416 б.

11. Кекілбаев Ә. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Қазақ әдебиеті. 24 қазан, 1995.

12. Кекілбаев Ә. Тәуелсіздік толғауы // Егемен Қазақстан. 28 ақпан, 2001.

13. Омашев Н. Қазақ журналистикасы. Үш томдық. I том. – Алматы: Таймас, 2008. – 352 б.

14. Кекілбаев Ә. Арға тартпай – арман тұл, намыс қумай – мақсат тұл // Егемен Қазақстан. 1 желтоқсан, 1993.

15. Кекілбаев Ә. Адамзатты жарастық қана жарылқайды // Егемен Қазақстан. 28 қыркүйек, 2001.

16. Кекілбаев Ә. Ана тілге қамқорлық – абыройлы іс // Егемен Қазақстан. – 2 шілде, 1998.

17. Кекілбайұлы Ә. Ел Иесі, Жер Киесі // Кітапта: Бекет-Ата. Құрастырған: Қ.Сыдиықұлы. – Алматы: Арыс, 1994. – 126 б.

18. Әбдезұлы Қ. Кекілбаев шығармаларындағы тарихи шындық және көркемдік жинақтау // Жинақта: Әбіш Кекілбаев және заман шындығы – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – Б. 73-79.

19. Абдрахманов С. Абыз Әбіш. Ә.Кекілбаевтың ойшылдығы туралы толғаныстар. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 560 б.

20. Кекілбаев Ә. 12 томдық шығармалар жинағы. 8 том. – Алматы: Өлке, 1999. – 398 б.

21. Кекілбаев Ә. 12 томдық шығармалар жинағы. 11 том. – Алматы: Өлке, 1999. – 464 б.

22. Тәж-Мұрат М. Әбіш Кекілбаев және қазақ экологиясы // URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-Kekilbayev-zane-qazaq-ekologiiasy_25776. (қаралды: 15.03.2025).

23. Абдраев М. Әбіш Кекілбайұлының публицистік шеберлігі. Фил. ғыл. канд. Дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореферaты. – Алматы, 2010. – 126 б.

А.Д. КАБЫЛОВ, Н.С. КАМАРОВА
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан
М.Т. ШОКАЙ
Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

АБИШ КЕКИЛБАЙУЛЫ – ПУБЛИЦИСТ

Аннотация. Статья посвящена исследованию публицистических произведений выдающегося представителя казахской литературы – Абиша Кекилбайулы. Публицистика как важный жанр, затрагивающий актуальные общественные проблемы и оказывающий влияние на политические и социальные процессы, занимает особое место в его творческом наследии. Публицистические статьи, эссе и выступления писателя демонстрируют его глубокий аналитический взгляд, приверженность национальным интересам и духовным ценностям.

В статье анализируется путь автора в публицистику: от первых публикаций до периода руководства ведущим изданием независимого Казахстана и последующего творческого развития. Рассматриваются ключевые темы его публицистики, его стиль мышления, языковые и стилистические особенности. В ходе исследования обсуждаются его техника и стратегии формирования общественного мнения.

В статье применены методы литературоведения, журналистики и теории политического дискурса. Результаты исследования позволяют выявить актуальность публицистики А. Кекилбайулы в современном контексте, а также рассмотреть его вклад в казахскую прессу и литературу с новой точки зрения.

Ключевые слова: Абиш Кекилбайулы, публицистика, публицистическое слово, общественная мысль, государственность, национальный интерес, независимость.

A.D. KABYLOV, N.S. KAMAROVA
Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering,
Aktau, Kazakhstan
M.T. SHOKAY
Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

ABISH KEKILBAYULY – PUBLICIST

Annotation. This article is devoted to the study of the journalistic works of Abish Kekilbayuly, an outstanding figure in Kazakh literary art. Journalism, as a significant genre that addresses pressing social issues and influences political and social processes, holds a special place in his creative legacy. The writer's journalistic articles, essays, and speeches demonstrate his deep analytical perspective, commitment to national interests, and dedication to spiritual values.

The article analyzes the author's path in journalism, from his early publications to the period when he led a major publication in independent Kazakhstan and his subsequent creative evolution. Key themes of his journalistic works, his thinking style, and his linguistic and stylistic features are examined. Additionally, the study explores his techniques and strategies in shaping public opinion.

The article employs methods from literary studies, journalism, and political discourse theory. The research findings highlight the relevance of Abish Kekilbayuly's journalism in the modern context and provide a new perspective on his contribution to Kazakh media and literature.

Keywords: Abish Kekilbayuly, journalism, journalistic writing, public thought, statehood, national interest, independence.

References

1. Baitursynov A. Adebiet tanytqysh. Zertteu men olender. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
2. Kekilbayev A. 12 tomdyq shygarmalar jinagy. 10 tom. – Almaty: Olke, 1999. – 400 b.
3. Iskakova K., Kushkarova G., Kurmanova B., Sadykova S., Zholmurzaeva R. The Linguistic Personality of Abish Kekilbayev in the Context of Political Discourse (Based on the Material of Public Speeches) // Theory and Practice in Language Studies, 2023, 13 (2), pp. 376-384. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1302.12.
4. Abdimanuly O. Tradicii i novatorstvo v kazahskoi hudojestvennoi proze // Vestnik KazNU. Seria filologicheskaia. №170 (2). – 2018. – B. 4–8. DOI: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2179.
5. Abish Kekilbayev. Ensiklopedia. Birinshi tom. Shygarmashylygy. – Almaty: Arys, 2018. – 800 b.
6. Qazygul Sh. Keleshekten kelgen Kekilbayev. 2015. // URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sarxan-qazygul-kelesekten-kelgen-kekilbayev_10674 (qaraldy: 15.03.2025).
7. Kekilbayev A. Men Adebietshi bolmasam, saiasatqa kelmes em... // Egemen Qazaqstan. – 2 qarasha, 1995.
8. Abdrahmanov S. Sardar. Dilmar. Eldar // Abish Kekilbayev Alemi jane qazirgi zaman. Halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferensia materialdary. Astana, 2009. – 464 b.
9. Kekilbayev A. Jabyla iske jumylsaq, jagdai tez jaqsarady // Egemen Qazaqstan – 2 jeltoqsan, 1997.
10. Kekilbayev A. Mauelei ber, altyn baq // 12 tomdyq shygarmalar jinagy. 9 tom. – Almaty: Olke, 1999. – 416 b.
11. Kekilbayev A. Tauelsizdik barinen qymbat // Qazaq adebieti. 24 qazan, 1995.
12. Kekilbayev A. Tauelsizdik tolgauy // Egemen Qazaqstan. 28 aqpan, 2001.
13. Omashev N. Qazaq jurnalistikasy. Ush tomdyq. I tom. – Almaty: Taimas, 2008. – 352 b.
14. Kekilbayev A. Arga tartpai – arman tul, namys qumai – maqsat tul // Egemen Qazaqstan. 1 jeltoqsan, 1993.
15. Kekilbayev A. Adamzatty jarastyq qana jarylqaidy // Egemen Qazaqstan. 28 qyrküiek, 2001.

16. Kekilbayev A. Ana tilge qamqorlyq – abyroily is // Egemen Qazaqstan. – 2 shilde, 1998.
17. Kekilbaiuly A. El İesi, Jer Kiesi // Kitapta: Beket-Ata. Qurastyrgan: Q.Sydiyquly. – Almaty: Arys, 1994. – 126 b.
18. Abdezuly Q. Kekilbayev shygarmalaryndagy tarihi shyndyq jane korkemdik jinaqtau // Jinaqta: Abish Kekilbayev jAne zaman shyndygy – Almaty: Qazaq universiteti, 2009. – 73-79 bb.
19. Abdrahmanov S. Abyz Abish. A.Kekilbayevtyn oishyldygy turaly tolganystar. Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 560 b.
20. Kekilbayev A. 12 tomdyq shygarmalar jinagy. 8 tom. – Almaty: Olke, 1999. – 398 b.
21. Kekilbayev A. 12 tomdyq shygarmalar jinagy. 11 tom. – Almaty: Olke, 1999. – 464 b.
22. Taj-Murat M. Abish Kekilbayev jane qazaq ekologiasy // URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-Kekilbayev-zane-qazaq-ekologiiasy_25776 (qaraldy: 15.03.2025).
23. Abdraev M. Abish Kekilbaiulynyn publicistik sheberligi. Fil. gyl. kand. Darejesin alu ushin daiyndagan diss. avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 126 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Қабылов Әділет Дыбысұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан.
Кабылов Адилет Дыбысович – кандидат филологических наук, профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан.
Kabylov Adilet Dybysuly – Candidate of Philology, Professor of the Yessenov University, Aktau, Kazakhstan.

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан.
Камарова Нагбду Султансихкызы – кандидат филологических наук, профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан.
Kamarova Nagbdu Sultansikhkyzy – Candidate of Philology, Professor of the Yessenov University, Aktau, Kazakhstan.

Шоқай Мустафа Табиғатұлы – философия докторы (PhD), Назарбаев Университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.
Шокай Мустафа Табигатулы – доктор философии (PhD), преподаватель Назарбаев университета, Астана, Казахстан.
Shokay Mustafa Tabigatuly – doctor of Philosophy (PhD), teacher of Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.